

## **«Қуралай» балабақшасы**

### **Менгеруші жанындағы жиналыш хаттамасы №1**

**Мерзімі: Қыркүйек**

**Катысқаны: 7**

**Катыспағаны: 0**

#### **Күн тәртібінде:**

- 1 .Білім беру жүйесінің міндеттерімен таныстыру.
- 2.Балабақша топтарындағы ойын, табиғат және еңбек бұрыштарының безендірлуі
3. «Күз-мереке , күз-береке» алтын күзге арналған ертеңгіліктердің сценарийлерін, кестесін бекіту.

#### **Тындалды:**

**Бірінші мәселе бойынша** Менгеруші Конопьянова А.К. кызыметкерлермен балабақшадағы оқу-тәрбие жұмысының міндеттерімен таныстыруды . Биылғы жылғы балабақшаның негізгі міндеттерін атап өтті үлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру, қазақ тілін менгеруге ынталандыру

- МДҰ мен ата-аналар қауымдастырының ықпалдастырын нығайту, «Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі», «Жас аналар мектебі» әлеуметтік институтын дамыту
- Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз және жайлы орта құру

-Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын менгеру бойынша мониторинг жүргізу  
Экологиялық білім беру және экологиялық мәдениет дамыту бағытында жұмыс атқарылатынын айтты өтті.

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбие мен оқытудың негізгі міндеті толық кеңістікті құрып, баланың оң мінез-құлқы, нормасы, тәртіп ережесі , халықтық салт-дәстүр үлгісінде қалыптастыру екендігіне баса назар аударды.

**Екінші мәселе бойынша** Әдіскер Конопьянова А.К. топтарындағы ойын, табиғат еңбек бұрыштарының безендірлуінс токталды. Табиғат бұрышында күнделікті ауа-райын белгілейтін кесте ілінгенін, гүлдердің түбін қосытатын ағаш таяқша т.б құралдар қолданылып жүргенін айтты. Ойын бұрыштары ойыншықтармен жабдықталғанын айтты.

Сонымен қатар дамыту орта құру үшін ,Улгілік бағдарламаны және білім беру (вариативтік, жеке, бейімделген, қосымша) бағдарламаларын іске

асыруды қамтамасыз ету, балалардың жастарына сәйкес болуы, барлық топтық бөлменің үй-жайлары, кабинеттер, ойындар мен ойыншықтар, материалдар, құралдардың тәрбиеленушілер, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін қолжетімді болуы, балалардың демалуына немесе онаша ойнауына, қолайлы эмоционалды жай-күйін дамытуға арналған орынды жабдықтағаны туралы айтып етті.

**Үшінші мәселе бойынша Менгеруші Баймөлдина К.К..** ертеңгілік бағдарламасын талқылап бекітті. Ертеңгілікке керекті шаруашылық заттарын алып беруді шара менгерушісіне тапсырды. Топтардың дайындайтын көрмелері туралы айтылды. Көрме сапалы өтуін қамтамасыз етуді тәрбиешілерге жүктеді.

Шешімі: 1. 2024-2025 оку жылына берілген міндеттер орындалсын, бақылау Әдіскер Конопльянова А.К. –ға жүктелсін

2. 2024-2025 оку жылының жоспарына сәйкес күзгі мереке өз деңгейінде өткізілсін.

Төрайым:



Баймөлдина К.К.

Хатшы:



Сыдыкова Д.С.